# ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
# Ш Е Ш І М

2024 жылғы 24 мамыр №5165-24-00-2/1121 Түркістан қаласы

Түркістан облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы С. Байтенов,
оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

**ТАЛАП ҚОЮШЫ:**
«Түркістан облысы полиция департаменті» мемлекеттік мекемесі

**ЖАУАПКЕР:**
Жеке кәсіпкер «Сейсембек» Сейсембек Абзал Нұрланұлы

**ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:**
Мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану
Тұрақсыздық айыппұл өндіру туралы

**ҚАРАР БӨЛІГІ:**
АПК-нің 223-226, 267-4-баптарын басшылыққа алып, **сот**

**ШЕШІМ ЕТТІ**:

Талап қоюшы «Түркістан облысы полиция департаменті» мемлекеттік мекемесінің талап қоюы қанағаттандырылсын.

Жауапкер жеке кәсіпкер «Сейсембек» Сейсембек Абзал Нұрланұлы мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы ретінде танылсын.

Жауапкер жеке кәсіпкер «Сейсембек» Сейсембек Абзал Нұрланұлынан мемлекет пайдасына 14 098 (он төрт мың тоқсан сегіз) теңге тұрақсыздық айыппұл, 2 268 (екі мың екі жүз алпыс сегіз) теңге мемлекеттік баж алымы өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы.

Шешімге – осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілсе, осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы сот ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде Түркістан облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына осы сот арқылы апелляциялық шағым беруі, прокурор өтінішхат келтіруі мүмкін.

**Судья** **С. Байтенов**

Құжатқа қол қойылған: Байтенов С. К., 24.05.2024

Заңды күшіне енген күні: 05.07.2024, судья Байтенов С. К., 09.07.2024

«Төрелік» ақпараттық жүйесі - Сот өндірісі - Судопроизводство - Информационная система «Төрелік»